ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРОРЫ

ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ПРОКУРОР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

06.11.2026 № 2-01-26-67722

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарына, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Д.Ж. Ділдәбекке және басқа да мүшелеріне

07.10.2026 жылғы №ДС-58 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, жастарды синтетикалық есірткі тасымалдауға және дропперлікке тартудың алдын алу, сондай-ақ ведомствоаралық үйлестіруді күшейту мәселелері жөніндегі депутаттық сауалды қарады.

Аталған бағытта құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар есірткі қылмыстарының алдын алуға, есірткінің заңсыз айналымының жолын кесуге және азаматтарды, ең алдымен жастарды қылмыстық әрекетке тартуға ықпал ететін жағдайларды жоюға бағытталған кешенді жұмыс жүргізіп жатқанын атап өткен жөн.

Заңнамалық деңгейде есірткі бизнесін ұйымдастырушылар мен есірткі өндірушілерге қолданылатын жаза өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейін қатаңдатылды, дропперлік пен есірткіні заңсыз жарнамалаған үшін қылмыстық жауаптылық енгізілді.

Менің Нұсқауыммен (26.06.2024ж.) құқық қорғау органдары «есірткі жасырушыларды» ғана емес, қылмыстың нақты ұйымдастырушыларын анықтауға, жеткізу арналарының жолын кесуге және қылмыстық жолмен табыстарды белгілеуге баса назар аудара отырып, осы жұмысты күшейтуге бағдарланды.

Ауқымды іс-шаралар Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2026–2028 жылдарға арналған жаңартылған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар, Үкіметтің 2025 ж. 19 желтоқсандағы № 1117 қаулысымен бекітілген) шеңберінде іске асырылуда.

Документ подготовил: Тайтуллин Аршат Табылдыевич, 7000114@prokuror.kz
Документ подписал: Асылов Берік Ноғайұлы, 06.11.2026 12:06:16
ИС «Қадағалау»20171213

Ұлттық Банктің Антифрод-орталығы (2024 жылғы 22 шілдеде құрылған) да ауқымды жұмыс жүргізуде. Оның негізгі міндеті – деректер алмасуды қамтамасыз ету, дропперлер мен өзге де адамдардың күдікті және басқа да құқыққа қайшы операцияларына байланысты банк карталарын, транзакцияларды, телефон нөмірлерін және шоттарды дер кезінде бұғаттау.

Құрылған сәттен бастап орталық 25,8 мың оқиғаны тіркеп, төлем құралдарына қатысты белгіленген шектеулерді қойды.

Тек ағымдағы жылдың өзінде құқық қорғау органдары бұғаттау шараларын қабылдау үшін Антифрод-орталыққа жалпы сомасы 274 млн теңгеден асатын 11,6 мың банк шотына қатысты күдікті операциялар туралы мәліметтер жолдады.

2025 жылдан бері Бас прокуратура Интернет желісіндегі есірткі бизнесін тұрақсыздандыру алгоритмін іске асырып келеді. Оның аясында прокурорлар полиция қызметкерлерімен бірлесіп, сатып алушы ретінде, оның ішінде «Argus-M» және «ProkAi» чат-боттарын пайдалана да отырып, интернеттегі есірткі дүкендерімен хат алмасады және есірткі үшін есеп айырысуға пайдаланылатын банк шоттары мен криптовалюталық әмияндарды анықтайды.

Нәтижесінде жыл басынан бері 619 мыңнан астам «дропперлік» шот (Қазақстан банктерінің 30 мың шоты және 589 мың шетелдік картасы) бұғатталып, 2,6 млрд теңгеге тыйым салынды. Қаржылық мониторинг агенттігі 25 мың криптовалюталық әмиянға блокчейн-талдау жүргізді.

Мысалы, талдау барысында есірткі бизнесіне қатысушылар қылмыстық табыстарын іске асырып, бөліскен, оның ішінде есірткі жасырушыларға төлем жасаған және есірткі дүкендерін қаржыландырған «R-Exchange» айырбастау сервисі анықталды.

Қаржы ағындарының негізгі бөлігі Астана қаласында және басқа өңірлерде синтетикалық есірткі сатқан «Zadira» есірткі дүкенімен байланысты болған.

Тергеп-тексеру шеңберінде арнайы прокурорлар американдық әріптестердің жәрдемімен 3,8 млн АҚШ доллары көлеміндегі криптовалюталық активтерді бұғаттады.

Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2026 жылғы 1 шілдедегі үкімімен қылмыстық топтың бес қатысушысы Қылмыстық кодекстің 262, 297 және 299-1-баптары бойынша қылмыстық кірістері тәркілене отырып, 3 жылдан 17 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Желілік есірткі дүкендерінің қызметінің жолын кесу, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде құқыққа қайшы контенттің таралуын тоқтату үшін «Киберқадағалау» ақпараттық жүйесінің мүмкіндіктері белсенді пайдаланылуда (а.ж. есірткіні насихаттау белгілері бар 10 мыңнан астам материал, оның ішінде 6,4 мың есірткі дүкені бұғатталды).

Жастарды есірткіге қарсы иммунитетті қалыптастыру ісіне тарту бағытында белсенді жұмыс жүргізілуде.

Бүгінгі күні прокурорлар еліміздің жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы 40 меморандум жасасты.

Жастарды есірткі құқық бұзушылықтарының профилактикасына тартуға, есірткіге қарсы мәдениетті қалыптастыруға және оның таралуына қарсы іс-қимыл

жасауға азаматтық жауапкершілікті дамытуға бағытталған бірқатар жоба іске асырылуда.

Мысалы, Алматы қаласындағы «Жастармен» жобасына 8,5 мыңнан астам адам қатысуда. Студенттер полициямен бірлесіп, ойын-сауық орындарында рейдтер жүргізіп, саябақтар мен қоғамдық орындарды патрульдейді.

Анықталған барлық құқық бұзушылықтар бойынша ақпарат шара қабылдау үшін Telegram чат-ботына жолданады.

Студенттердің белсенділігі нәтижесінде 13 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталып, түрлі құқық бұзушылықтар бойынша 3,5 мыңнан астам әкімшілік хаттама, оның ішінде 120 хаттама дүкен иелері мен мекеме басшыларына қатысты толтырылды.

Шығыс Қазақстан облысында прокурорлар бизнес өкілдерімен бірлесіп, есірткі құқық бұзушылықтары туралы хабарлаған адамдарға сыйақы төлеуді көздейтін «STOP, наркотик!» бастамасын іске қосты.

Жоба басталғаннан бері (2024 ж. қарашадан) расталған 14 хабарлама бойынша 14 қылмыстық іс тіркеліп, 14 адам ұсталды, 4,4 кг синтетикалық есірткі тәркіленді және 3,7 млн теңге сыйақы төленді. Сот қарауының нәтижесінде 14 адам бас бостандығынан айыруға сотталды.

Қазіргі уақытта Президент Әкімшілігінің тапсырмасы шеңберінде Ішкі істер министрлігі есірткі қылмысына қарсы күреске жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу тетігін заңнамалық тұрғыдан бекіту мәселесін пысықтауда.

Депутаттық сауалда көтерілген мәселелерге көшсек, уәкілетті органдар қызметіндегі басымдық негізінен жазалау шараларын қолданудан есірткі құқық бұзушылықтарының жүйелі профилактикасы мен алдын алуға біртіндеп ауысып келе жатқанын атап өтеміз.

Білім беру ұйымдарында оқытудың интерактивті нысандары мен бейнематериалдарды қолдану арқылы **жастарды есірткінің заңсыз айналымына тарту тәсілдері және оған қатысудың құқықтық салдары туралы кең ауқымды түсіндіру іс-шаралары** өткізілуде (Кешенді жоспардың 24, 25 және 38-тармақтары).

Жыл басынан бері мүдделі органдар 2,8 млн-нан астам адамды, оның ішінде 1,4 млн кәмелетке толмағанды қамтыған 18 мыңнан астам іс-шара өткізді.

Жоғары оқу орындарында **Заң мен тәртіп** идеологиясын ілгерілету аясында 570 мыңнан астам білім алушының қатысуымен 2,7 мыңға жуық іс-шара ұйымдастырылды.

Профилактикалық бейнематериалдармен жоғары оқу орындарының 400 мыңнан астам студенті және техникалық пен кәсіптік білім беру ұйымдарының 478 мың білім алушысы қамтылды.

Кешенді жоспарда педагогтер мен психологтардың біліктілігін арттыру, тәуекел тобындағы білім алушылармен жеке профилактикалық жұмысты жетілдіру, сондай-ақ жастарды мессенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы есірткі қылмысына тарту тәсілдері туралы оқу-ағарту модулін әзірлеу көзделген (Кешенді жоспардың 32, 35 және 40-тармақтары).

Бүгінгі күні еліміз бойынша 4,7 мыңнан астам педагог пен психолог аталған қайта даярлау курсынан өтті.

Прокуратура органдарының бастамасымен уәкілетті органдармен бірлесіп, кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған бірқатар жоба іске асырылуда.

Атап айтқанда, а.ж. қаңтардан бастап прокуратура оқу-ағарту және ішкі істер министрліктерімен бірлесіп, балалардың қолайсыз жағдайын ерте анықтауға бағытталған «Саналы ұрпақ» жобасын жүргізуде. 15 мыңға жуық профилактикалық рейд өткізіліп, 3,5 мыңнан астам кәмелетке толмаған профилактикалық есепке қойылды.

Президент Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша білім алушылардың құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында «Тәлімгер» жобасы кеңінен қолданылды, бұрын бұл жоба Талғар ауданындағы 10 мектеп пен 3 колледждің 8 мыңнан астам баласын қамти отырып сынақтан өткізілген болатын.

Прокуратура мен полиция ардагерлері 500 білім беру ұйымындағы оқушылар мен студенттерге тәлімгер болды.

Атырау облысында «Құндылық туралы 5 минут» жобасы аясында 235 мектепте әр күн жауапкершілік, тәртіп және заңды құрметтеу мәселелерін талқылаудан басталады. Бастаманы ата-аналар мен спорт федерациялары қолдады. 155 мыңнан астам оқушы және 25 мың жас спортшы қамтылды.

Алматыда «Sim Kids» жобасы аясында 75 мыңнан астам пайдаланушы зиянды контенттен қорғайтын SIM-карталар алды.

Есірткі құқық бұзушылықтарының атаулы профилактикасын, ең алдымен колледждер мен жоғары оқу орындарына жаңадан түскен білім алушылар арасында күшейту мақсатында 2026 жылғы 21 қазанда өткен Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысында Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім, сондай-ақ Ішкі істер министрліктеріне жастар арасында есірткі қылмыстары үшін қылмыстық жауаптылыққа және банк шоттарын үшінші тұлғаларға берудің қауіпті екеніне баса назар аудара отырып, түсіндіру жұмысын күшейту қажеттігі көрсетілді.

Жастардың **дропперлікке тартылуына және олардың банк шоттарының заңсыз пайдаланылуына қарсы іс-қимыл** шеңберінде профилактикалық жұмыс күдікті қаржылық операцияларды анықтаумен және төлем құралдарының пайдаланылуын бақылау шараларымен ұштастырылуда.

Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тиісті түсіндіру жұмысын тұрақты негізде жүргізуде.

Мәселен, 2026 жылы Агенттік қаржы ұйымдарымен және мемлекеттік органдармен бірлесіп, 42 мыңнан астам адамды қамтыған 78 білім беру іс-шарасын ұйымдастырды.

Атап айтқанда, Алматы экономикалық колледжінде қаржы нарығы, Ұлттық Банктің Антифрод-орталығы, банктер және киберполиция өкілдерінің қатысуымен қаржылық қауіпсіздік жөнінде семинар өткізілді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қаржы навигаторы: сенімділік пен қауіпсіздікке бастар жол» форумы ұйымдастырылып, оның аясында «Дропперлік: оңай ақша – ауыр салдар» онлайн-байқауы өтті.

Fingramota.kz порталында қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөнінде 74 материал жарияланды, оның 10-ы дропперлікке арналған. Әлеуметтік

желілерде 19 жарияланым орналастырылып, жалпы шамамен 153 мың пайдаланушыны қамтыған екі тікелей эфир өткізілді.

Профилактикалық жұмыспен қатар қаржылық бақылау шаралары қолданылуда. Кешенді жоспардың 19 және 57-тармақтары шеңберінде құқық қорғау органдарының қаржы институттарымен өзара іс-қимылы және күдікті операцияларды анықтау өлшемшарттары жетілдірілуде.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2020 жылғы 22 наурыздағы № 18 және 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 86 қаулыларында күдікті қаржылық белсенділік белгілері бар операцияларды бақылау тетіктері көзделген.

Тәуекелдерді бағалау кезінде шот бойынша өзге операциялары жүргізілмеген жеке тұлғалар арасындағы жүйелі аударымдар, абоненттік нөмірлердің ірі сомаларға тұрақты толықтырылуы және клиентке тән емес әдеттен тыс операциялар ескеріледі.

Сауалда айтылған 14 пен 22 жас аралығындағы азаматтардың 50 мың теңгеден асатын аударымдары болғанда қосымша биометриялық растау туралы ұсынысқа қатысты келесіні атап өтеміз. Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің пікірінше, аударымдарды тек клиенттің жасы мен операция сомасына қарай міндетті түрде растау дропперлікті азайтуға кепілдік бермейді, керісінше адал клиенттерге қосымша шектеулер туғызады.

Осыған байланысты бұл бағыттағы жұмыс ақша қозғалысының сипатын, кіріс көздерін және банк шоттарын үшінші тұлғалардың пайдалануын көрсететін өзге де белгілерді ескере отырып, күдікті операцияларды тәуекелге бағдарланған тәсілмен анықтауға басымдық бере отырып жалғастырылады. Мұндай тәсіл барлық жас клиентке қосымша шектеулер енгізбей, бақылауды тәуекелі жоғары операцияларға шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Жастарды атаулы әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту бағытында мемлекеттік органдар заңды табыс табу, кәсіптік білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге және тез табыс табу сылтауымен жастарды қылмыстық схемаларға тартудың алдын алуға бағытталған бағдарламаларды іске асыруда.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша ағымдағы жылдың өткен кезеңінде, оның ішінде «Отбасылық цифрлық картасының» мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен 159,2 мың жас азамат қамтылды. Олардың 126,8 мыңы жұмысқа орналастырылды, оның ішінде 44,2 мыңы субсидияланатын жұмыс орындарына жіберілді.

«Бастау Бизнес» жобасы аясында 11 мыңнан астам адам оқытылып, 374 адам мемлекеттік грант алды.

А.ж. 21 қазанда өткен Үйлестіру кеңесінде де Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің назары әлеуметтік тұрғыдан осал жастарды қолдаудың қосымша тетіктерін (мұқтаж колледж студенттерін тегін тамақпен және киім сатып алуға арналған ваучерлермен қамтамасыз ету, коммуналдық кәсіпорындарда күнделікті ақы төленетін қысқа мерзімді жұмыс орындарын ұйымдастыру, жасөспірімдерді уақытша жұмыспен қамту, сондай-ақ кәсіптік бағдар беру мен тәлімгерлікті дамыту) пысықтау қажеттігіне аударылды.

Аталған шаралар жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің қолданыстағы бағдарламаларын толықтыруға және қолдауға мұқтаж жас азаматтарға атаулы тәсілді қамтамасыз етуге бағытталған.

Ведомствоаралық үйлестіру тетігін күшейту мәселесіне қатысты барлық уәкілетті органның келісілген қызметін қамтамасыз ететін тиісті өзара іс-қимыл жүйесі қалыптастырылғанын атап өтеміз.

Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі мен Нашақорлықтың профилактикасы және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі республикалық штаб алаңдарында келісілген шешімдер әзірленіп, басым бағыттар айқындалады.

Әрбір мемлекеттік органға нақты міндеттер мен жауапкершілік салалары бекітілген, іс-қимылдың бірыңғай алгоритмі және жұмыс нәтижелері үшін дербес жауаптылық қамтамасыз етілген.

Бұдан бөлек, Бас прокуратура және өзге де мүдделі органдар (ҰҚК, ҚМА, ІІМ, ҚМ, ДСМ, ОАМ, ҒЖБМ, МАМ, МКК) есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті бағалау өлшемшарттарын бекітті. Бағалау қорытындылары Үйлестіру кеңесінің отырыстарында талқыланады.

Жоғарыда атап өтілгендей, заңсыз қаржылық операцияларға қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуде Ұлттық Банктің Антифрод-орталығы маңызды рөл атқарады. Ол арқылы қаржы ұйымдары мен уәкілетті мемлекеттік органдар арасында, оның ішінде есірткі қылмысына байланысты қаржылық схемаларды анықтау үшін жедел ақпарат алмасу жүзеге асырылады.

Аталған жұмыс жалғастырылатын болады.

Құрметпен,

Б. Асылов

Орынд. Тайтуллин А.Т.
тел.: 71-25-28

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРОРЫ

ГЕНЕРАЛЬНЫЙ
ПРОКУРОР
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

06.11.2026 № 2-01-26-67722

**Депутатам Курултая
Республики Казахстан,
членам фракции
партии «Әділет»
Ділдәбек Д.Ж. и др.**

На депутатский запрос №ДС-58 от 07.10.2026 г.

Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой совместно с заинтересованными государственными органами рассмотрен депутатский запрос по вопросу предупреждения вовлечения молодёжи в перевозку синтетических наркотиков и дропперство, а также усиления межведомственной координации.

Следует отметить, что в данном направлении правоохранительными и государственными органами проводится комплексная работа, нацеленная на превенцию наркопреступлений, пресечение незаконного оборота наркотиков и устранение условий, способствующих вовлечению граждан, и прежде всего молодежи, в преступную деятельность.

На законодательном уровне ужесточено наказание для организаторов наркобизнеса и производителей наркотиков вплоть до пожизненного лишения свободы, криминализирована ответственность дропперов и незаконная реклама наркотиков.

Моим Указанием (26.06.2024г.) правоохранительные органы ориентированы на усиление данной работы с акцентом на выявление реальных организаторов, а не «закладчиков», пресечение каналов поставок и установление преступного дохода.

Широкий спектр мероприятий реализуется в рамках обновленного Комплексного плана по борьбе с наркоманией и наркобизнесом на 2026-2028 годы (далее – Комплексный план, утвержден постановлением Правительства № 1117 от 19 декабря 2025г.).

Масштабная работа проводится Антифрод-центром Национального Банка (создан 22 июля 2024г.), основной задачей которого является обмен данными, блокировка карт, транзакций, номеров телефонов и счетов в режиме реального времени по подозрительным и иным противоправным операциям дропперов и других лиц.

Документ подготовил: Тайтуллин Аршат Табылдыевич, 7000114@prokuror.kz
Документ подписал: Асылов Берік Ноғайұлы, 06.11.2026 12:06:23
ИС «Қадағалау»20171213

С момента создания центром зарегистрировано 25,8 тыс. инцидентов, по которым применены установленные ограничения в отношении платёжных инструментов.

Только в текущем году правоохранительными органами в Антифрод-центр направлены сведения о подозрительных операциях в отношении 11,6 тыс. банковских счетов на сумму свыше 274 млн теңге для принятия мер по их блокированию.

С 2025 года Генеральной прокуратурой реализуется Алгоритм дестабилизации наркобизнеса в интернет-сети в рамках которого прокуроры совместно с сотрудниками полиции под видом покупателей вступают в переписку с интернет-наркомагазинами, в том числе с использованием чат-ботов «Argus-M» и «ProkAi», и устанавливают банковские счета и криптовалютные кошельки, используемые для расчётов за наркотики.

В результате с начала года заблокировано свыше 619 тыс. «дропперских» счетов (30 тыс. KZ-банков и 589 тыс. иностр.карт), арестовано 2,6 млрд теңге, Агентством по финансовому мониторингу проведён блокчейн-анализ на 25 тыс. криптокошельков.

К примеру, в процессе анализа установлен сервис-обменник «R-Exchange», через который участники наркобизнеса реализовывали и распределяли преступные доходы, включая выплаты закладчикам и финансирование наркомагазинов.

Основная часть выявленных потоков была связана с наркомагазином «Zadira», осуществлявшим сбыт синтетических наркотиков в г. Астана и других регионах.

В рамках расследования специальными прокурорами при содействии американских партнёров заморожены криптовалютные активы на 3,8 млн долларов.

Приговором специализированного межрайонного суда по уголовным делам г. Астаны от 1 июля 2026 года пять участников преступной группы осуждены по статьям 262, 297 и 299-1 УК к лишению свободы на сроки от 3 до 17 лет с конфискацией преступных доходов.

Для пресечения деятельности сетевых наркомагазинов, а также распространения противоправного контента в социальных сетях и мессенджерах активно используются возможности ЦС «Кибернадзор» (в т.г. заблокировано более 10 тыс. материалов с признаками пропаганды наркотиков, в т.ч. 6,4 тыс. наркомагазинов).

Ведется активная работа по вовлечению молодежи в формирование антинаркотического иммунитета.

На сегодня прокуроры заключили 40 Меморандумов с ведущими ВУЗами страны о сотрудничестве.

Реализуется ряд проектов, направленных на вовлечение молодежи в профилактику наркоправонарушений, формирования антинаркотической культуры и развитие гражданской ответственности за противодействие распространению наркотиков.

К примеру, в г.Алматы в проекте «Жастармен» задействовано свыше 8,5 тысяч участников. Студенты совместно с полицией проводят рейды в развлекательных заведениях, патрулируют парки и общественные места.

Все правонарушения направляются в Телеграм чат-бот для принятия мер.

Благодаря активности студентов, начато 13 досудебных расследования, за различные правонарушения составлено более 3,5 тыс. административных протоколов, в том числе 120 в отношении владельцев магазинов и руководителей учреждений.

В ВКО прокурорами совместно с бизнесом запущена инициатива «STOP, наркотик!» в рамках которой лицам, сообщившим информацию о наркоправонарушениях, выплачивается вознаграждение.

С начала запуска (ноябрь 2024 г.) проекта по 14 подтверждённым сообщениям зарегистрировано 14 уголовных дел, задержано 14 лиц, изъято 4,4 кг синтетических наркотиков, выплачено 3,7 млн тенге вознаграждений. По результатам судебного рассмотрения 14 лиц осуждены к лишению свободы.

В настоящее время в рамках поручения Администрации Президента Министерством внутренних дел прорабатывается вопрос законодательного закрепления механизма поощрения лиц, содействующих в борьбе с наркопреступностью.

Переходя непосредственно к обозначенным в депутатском запросе вопросам отмечаем, что акцент в деятельности уполномоченных органов последовательно смещается с преимущественно карательного реагирования на системную профилактику и предупреждение наркоправонарушений.

В организациях образования с применением интерактивных форм обучения и видеоматериалов проводятся **широкомасштабные разъяснительные мероприятия о способах вовлечения молодёжи в незаконный оборот наркотиков** и правовых последствиях участия в нём (п.п. 24, 25 и 38 Комплексного плана).

С начала года заинтересованными органами проведено свыше 18 тыс. мероприятий с охватом более 2,8 млн человек, в том числе 1,4 млн несовершеннолетних.

В вузах в рамках продвижения идеологии **закона и порядка** организовано около 2,7 тыс. мероприятий с участием свыше 570 тыс. учащихся.

Профилактическими видеоматериалами охвачено более 400 тыс. студентов вузов и 478 тыс. учащихся организаций технического и профессионального образования.

В рамках Комплексного плана предусмотрено повышение квалификации педагогов и психологов, совершенствование индивидуальной профилактической работы с учащимися группы риска и разработка учебно-просветительского модуля о способах вовлечения молодёжи в наркопреступность через мессенджеры и социальные сети (п.п. 32, 35, 40 Комплексного плана).

На сегодня свыше 4,7 тыс. педагогов и психологов по всей стране охвачены данным курсом переподготовки.

По инициативе органов прокуратуры совместно с уполномоченными органами реализуется ряд проектов по повышению правовой грамотности несовершеннолетних.

Так, с января т.г. прокуратурой совместно с министерствами просвещения и внутренних дел ведется проект «Саналы ұрпақ», направленный на раннее выявление детского неблагополучия. Проведено порядка 15 тыс. профилактических рейдов, свыше 3,5 тыс. несовершеннолетних поставлены на профилактический учет.

По поручению Администрации Президента для повышения правовой культуры учащихся масштабирован проект «Тәлімгер», ранее апробированный в Талгарском районе среди учащихся 10 школ и 3 колледжей с охватом более 8 тыс. детей.

Ветераны прокуратуры и полиции стали наставниками школьников и студентов в пятистах учебных заведениях.

В рамках проекта «5-минутка ценностей» в Атырауской области, в 235 школах каждый день начинается с обсуждения ответственности, дисциплины и уважения к закону. Инициативу поддержали родители и спортивные федерации. Охвачено свыше 155 тысяч учащихся и 25 тысяч юных спортсменов.

В Алматы в рамках проекта «Sim Kids» свыше 75 тыс. пользователей получили SIM-карты с защитой от вредоносного контента.

В целях адресной профилактики наркоправонарушений, прежде всего среди учащихся, впервые поступивших в колледжи и вузы на заседании Координационного совета по обеспечению законности, правопорядка и борьбы с преступностью 21 октября 2026 года министерствам просвещения, науки и высшего образования и внутренних дел указано на усиление разъяснительной работы среди молодежи с акцентом на уголовной ответственности за наркопреступления и рисках передачи банковских счетов третьим лицам.

Касательно **противодействия дропперству и незаконному использованию банковских счетов молодёжи** профилактическая работа сочетается с выявлением подозрительных финансовых операций и мерами контроля за использованием платёжных инструментов.

На постоянной основе соответствующую разъяснительную работу проводят Национальный Банк и Агентство по регулированию и развитию финансового рынка.

Так, в 2026 году Агентством совместно с финансовыми организациями и государственными органами организовано 78 образовательных мероприятий с охватом более 42 тыс. человек.

К примеру, в Алматинском экономическом колледже проведён семинар по финансовой безопасности с участием представителей финансового рынка, Антифрод-центра Национального Банка, банков и киберполиции. В Казахском национальном университете имени аль-Фараби состоялся форум «Финансовый навигатор: путь к уверенности и безопасности», включавший онлайн-конкурс «Дропперство: лёгкие деньги – тяжёлые последствия».

На портале Fingramota.kz опубликовано 74 материала о противодействии финансовому мошенничеству, из них 10 посвящены дропперству. В социальных

сетях размещены 19 публикаций и проведены два прямых эфира с совокупным охватом порядка 153 тыс. пользователей.

Наряду с профилактической работой применяются меры финансового контроля. В рамках пунктов 19 и 57 Комплексного плана совершенствуются взаимодействие правоохранительных органов с финансовыми институтами и критерии выявления подозрительных операций.

Постановлениями Агентства по регулированию и развитию финансового рынка от 22 марта 2020 года № 18 и от 28 апреля 2026 года № 86 предусмотрены механизмы контроля операций с признаками подозрительной финансовой активности.

При оценке рисков учитываются систематические переводы между физическими лицами при отсутствии иных операций по счёту, регулярное пополнение абонентских номеров на крупные суммы и аномальные операции, нехарактерные для клиента.

Касательно предложений, озвученных в запросе, о дополнительном биометрическом подтверждении переводов свыше 50 тыс. тенге для граждан в возрасте от 14 до 22 лет отмечаем, что по мнению Национального Банка и Агентства по регулированию и развитию финансового рынка, обязательное подтверждение переводов исключительно по возрасту клиента и сумме операции не служит гарантией минимизации дропперства, а напротив – создает ограничения для добросовестных клиентов.

В этой связи работа в этом направлении будет продолжена с акцентом на риск-ориентированное выявление подозрительных операций с учётом характера движения денежных средств, источников дохода и других признаков использования банковских счетов третьими лицами. Такой подход позволяет сосредоточить контроль на операциях с повышенным риском, не вводя дополнительных ограничений для всех молодых клиентов.

В части **адресной социальной поддержки и занятости молодёжи** государственными органами реализуются программы, направленные на расширение возможностей законного заработка, профессионального обучения и предупреждение вовлечения молодых граждан в преступные схемы под предлогом быстрого дохода.

По данным Министерства труда и социальной защиты населения, за истекший период текущего года, в том числе с использованием потенциала «Цифровой карты семьи», мерами содействия занятости охвачено 159,2 тыс. молодых граждан, из которых 126,8 тыс. трудоустроены, включая 44,2 тыс. на субсидируемые рабочие места.

В рамках проекта «Бастау Бизнес» обучено свыше 11 тыс. человек, 374 получили государственные гранты.

На необходимость проработки дополнительных механизмов поддержки социально уязвимой молодёжи (обеспечение бесплатным питанием и ваучерами на приобретение одежды нуждающихся студентов колледжей, организация краткосрочных рабочих мест на коммунальных предприятиях с ежедневной оплатой, временной занятости подростков, а также развитие профессиональной ориентации и наставничества) также обращено внимание Министерства труда и социальной защиты населения на Координационном совете 21 октября т.г.

Указанные меры призваны дополнить действующие программы содействия занятости и обеспечить адресный подход к молодым гражданам, нуждающимся в поддержке.

Относительно усиления механизма **межведомственной координации** отмечаем, что соответствующая система взаимодействия, обеспечивающая скоординированную деятельность всех уполномоченных органов выстроена.

На площадках Координационного совета по обеспечению законности, правопорядка и борьбы с преступностью и Республиканского штаба по координации деятельности государственных органов по профилактике наркомании и противодействию наркопреступности вырабатываются согласованные решения и определяются приоритетные направления.

За каждым государственным органом закреплены конкретные задачи и зоны ответственности, обеспечено понимание единого алгоритма действий и персональной ответственности за результаты работы.

Более того, Генеральной прокуратурой и другими заинтересованными органами (КНБ, АФМ, МВД, МО, МЗ, МП, МНВО, МКИ, КГД), утверждены критерии оценки деятельности в сфере противодействия наркопреступности, итоги которой обсуждаются на заседаниях Координационного совета.

Как отмечено выше, важную роль в обеспечении межведомственного взаимодействия по противодействию незаконным финансовым операциям играет Антифрод-центр Национального Банка, посредством которого осуществляется оперативный обмен информацией между финансовыми организациями и уполномоченными государственными органами, в том числе для выявления финансовых схем, связанных с наркопреступностью.

Данная работа будет продолжена.

С уважением,

Б. Асылов

Исп. Тайтуллин А.Т.
тел.: 71-25-28